



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаттары,
«AMANAT» партиясы Фракциясының
мүшелеріне**

*2022 жылғы 12 мамырдағы
№ ДС-173 депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің ұшуды орындау тұрақтылығына, әуе кемесінің бортында қызметтерді көрсету сапасы мен бағасына қатысты, сондай-ақ субсидияланатын рейстерге қатысты депутаттық сауалдарыңызға келесіні хабарлаймын.

Рейстердің кешігуіне, тасымалдаушылардың жауапкершілігіне, субсидияланатын рейстерге қатысты

Қазақстан Республикасында ұшу тұрақтылығының көрсеткіші 2021 жылы шамамен 82 %-ды құрады, бұл ретте Еуропалық Одақ елдері мен АҚШ көрсеткіштері тиісінше 77 % және 80 % құрайды.

Сонымен қатар, қолданыстағы заңнама авиакомпанияның кінәсінен рейстердің кешігуі немесе болмауы кезінде ұсынуға міндетті қызметтерді көздейді. Бұдан басқа, тасымалдаушы кешіктірудің әр сағаты үшін билет құнынан 3 % мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте, рейстердің кешігуі кезінде жолаушылардың құқықтарын қорғау мақсатында жолаушыларға төленетін айыппұл мөлшерін ұлғайту мәселесі қаралуда.

Рейстер кешіктірілген кезде жолаушылар алдындағы өз міндеттерін орындамаған жағдайда, авиакомпания айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Осылайша, 2021 жылы рейстің кешігуі кезінде заңнамада көзделген қызметтердің көрсетілмеуіне байланысты тасымалдаушыны әкімшілік жауапкершілікке тартудың 3 жағдайы болды.

Сонымен қатар, 2021 жылы әуе кеңістігінде орындалған тұрақты рейстердің саны өткен жылмен салыстырғанда 36%-ға өсті. Бұл ретте орындалған субсидияланатын авиарейстер саны 4 365 рейсті немесе жалпы рейстердің санының 6%-ын құрады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1511 қаулысымен бекітілген Авиамаршруттарды субсидиялау қағидаларына сәйкес субсидиялауға әлеуметтік маңызы бар, олар бойынша рейстерді орындау кірісті қамтамасыз етпейтін авиамаршруттар жатады. Сонымен қатар, субсидияланатын авиамаршрутта тасымалдаушы жыл сайынғы негізде өткізілетін конкурс қорытындысы бойынша айқындалады.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, субсидиялаудың мақсаты әлеуметтік маңызы бар авиамаршруттардың көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету және оларды одан әрі өзін-өзі өтеуге көшіру болып табылады. 2022 жылы, өткізілген конкурс нәтижесі бойынша, субсидияланатын авиамаршруттарда тасымалдаушы ретінде «SCAT», «Qazaq Air» авиакомпанияларынан басқа, «Оңтүстік аспаны» авиакомпаниясы да анықталды.

Авиакомпаниялармен субсидияланатын рейстерде ұсынатын қызметтерге қойылатын талаптар коммерциялық рейстерге қойылатын талаптармен бірдей. Осыған байланысты, жолаушылар алдындағы өз міндеттерін орындамаған жағдайда, авиакомпания коммерциялық, сонымен қатар субсидияланатын рейстерде тең дәрежеде әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

«Эйр Астана» және «Fly Arystan» авиакомпаниясының қызметтеріне қатысты

«Fly Arystan» авиакомпаниясы төмен бюджетті авиакомпания болып табылады. Төмен бюджетті авиакомпаниясының бизнес моделіне сәйкес билеттің төмен құны компания шығындарын ықшамдату арқылы қамтамасыз етіледі, оның ішінде: бір типті әуе кемелерін пайдалану, бизнес-процестерді оңтайландыру, қосымша қызметтерді базалық құннан тыс шығару (себебі барлық көрсетілетін қызметтер жолаушыға қажет болмауы мүмкін), интернет арқылы билеттерді қашықтықтан сату.

Әуе кемесінің бортындағы су бағасы сатып алу құнынан, әкімшілік шығындардан (сақтау, буып-түю, тексеріп бортқа жеткізу, борттан түсіру, өңірлерге дейін жеткізу) және өткізуге арналған шығыстардан құралады. Авиакомпанияның ақпараты бойынша (сондай-ақ компанияның сайтында орналасқан) әуе кемесінің бортындағы көлемі 0,25 л су бөтелкесінің құны 300 тг құрайды, бұл ретте авиакомпания жолаушы жүгінген кезде ақысыз бір стақан су беруден бас тартпайды.

Сондай-ақ, әуе кемесінің бортында белгілі бір орынға қызығушылық танытпайтын жолаушыларға орын жүйемен дербес таңдалады. Бұл ретте, ұшу кезінде қосымша жайлылықты қалайтын жолаушылардың ақылы негізде орын таңдауға мүмкіндігі бар, бұған қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбайды.

Сонымен қатар, «Эйр Астана» авиакомпаниясы рейстеріндегі бірінші қатардағы орындарға сұраныс нақты саннан асады, осыған байланысты аталған көрсетілетін қызмет ашықтықты қамтамасыз ету үшін енгізілген. Әуе кемесінің бортында орынды таңдау бойынша көрсетілетін қызмет құны ішкі рейстерде 6-

дан 10 мың тг. және халықаралық рейстерде 15 мың тг-ге дейін құрайды және ірі халықаралық авиакомпаниялардан едәуір төмен.

Жалпы, ішкі авиатасымалдар нарығы толығымен ырықтандырылды және рейстер саны мен бағыттар бойынша шектеулер жоқ. Сондай-ақ, әуе тасымалы саласын дамытуды ынталандыру мақсатында және әлемдік тәжірибеге сәйкес Қазақстан Республикасында әуе көлігіндегі бағаларды мемлекеттік реттеу алынып тасталды.

«Fly Arystan» авиакомпаниясымен халықаралық тәжірибеге сәйкес бір маршрутта өзінің құнымен ерекшеленетін бірнеше брондау сыныбы ұсынылады. Құны төмен авиабилеттер ең алдымен рейстен бұрын сатып алынады және әуе кемесінің бортындағы отырғызу орындары санының шектеулі болуына байланысты ең төменгі баға бойынша орындардың қолжетімділігі қысқарады. Осыған байланысты, рейстің алдында, әдетте, жоғары тарифтегі билеттер қолжетімді болады.

Азаматтық авиация саласын реттеуге қатысты

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 68-қадамын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің тапсырмасын орындау мақсатында соңғы 3-4 жылда азаматтық авиацияны басқару тәсілдеріне түбегейлі реформа жүргізілді.

2019 жылғы 1 тамыздан бастап негізгі функциялары ұшу қауіпсіздігі және авиациялық қауіпсіздік саласындағы техникалық бақылау және қадағалау болып табылатын «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ өз қызметін бастады. Қабылданған шаралар бақылау мен қадағалаудың тиімділігін арттыруға, Қазақстанның азаматтық авиациясының халықаралық аренадағы имиджін жақсартуға мүмкіндік берді.

Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) аудиторларының ИКАО-ның Үйлестірілген валидациялық миссиясы (ICVM) шеңберінде тәуелсіз тексеру қорытындылары бойынша Қазақстан ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін 74%-дан 84%-ға дейін арттырды, бұл әлемдік орташа көрсеткіштен 15%-ға жоғары.

Аталған мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Р. Склад